# Менің отбасым – бақыттың көзі.

“Отбасы – ашық қазына”, – деген сөздерден бастап параққа жазылған өз ойымды бастағым келеді. Отбасы-да халық дәнексөзі “Әке асқар тау,
Ана мөлдір бұлақ,
Бала жағадағы құрақ” дегендей тату, әрі бір-біріне қорған батырдай мықты шаңырақ құрыла білу керек. Қиын-қыстау кездерде тірек бола алатын – отбасы, қуанышты сәттерде 30 күндік той қылатын отбасы. Отбасы беріктігі ол – бақыт.

Мен өзін-өзі тану пәнінде отбасы тақырыбында берілген жағдаяттарда өз алдыма түскен отбасының жайттарына салыстыра қарай ойланатынмын; – өз өмірде сан түрлі адам, одан құралған шағын мемлекет – отбасы болады, дегенмен әрқайсының ойы әр-түрлі, өмірлік ұстанымы әртүрлі. Ендігіде жеке бөлек адамдар қалай отбасы құрап, бақытты күн кешеді? Бұл адам ішіндегі бақытқа жетем деген ниет. Мінекей, отбасымен бірге қойылған мақсат бақытқа жетеміз. Мені осы жылы оқуға түсіп, емтиханнан өтемін бе екен деген сан-түрлі ойлар мазалайды, күн атысымен, кештің батуымен сан түрлі ойларымен күшім, ішкі қуат-көзім сарқыла кетуге де таяйды. Алайда, маған жаңа күш-қуат беріп, көзімдегі қараңғылықты нұрға, толғанысты ақтаратын менің отбасым. Ынталандыратын – бақыт көзім! Жанымда жақын адамдардың қасында болу психологиялық тұрғыда адамдағы жаңа тыныс ашады. Бақыт – шабыттандырады. Ал бақыт көзі-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

менің отбасым.

Мен сенімдімін; бақытты отбасы өмірдің боранында оң пана болатын, аптап ыстығында көлеңкесімен қорғайды. бақыттың нұрын шашатын отбасы ішіндегі сыйластық. Габиден Мұстафин атамның айтқан сөзі: "Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлайды". Отбасының тәрбиесі мені алға жетелейді, бұлар мені бөлеген бақыт-қанаттандырады. Адамға деген сүйіспеншілікті өсіреді. Бұл белгілі бір тізбек іспетті. Әлем-нұрын шашқан бақыт көзіне айналардай. Ал мені бұған жетелеген отбасым, себебі мен махаббат толы ортада өскен бақытты баламын, ол әлемді де бақытқа бөлейді, өмірге құштарлықты арттырады. Қуат-көздей іштегі жарықты алдағы үлкен жолға тастарып отыратын-отбасым!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ